"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАНОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТАПО ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИКОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

25.05.2021-ғы № 03-18/2619 шығыс хаты

«TURAN Media(Туран Медиа)» ЖШС

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент),* Сіздің 04.05.2021 жылғы №101721 хатыңызға төмендегіні хабарлайды:

«Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесімен *(бұдан әрі – Ұйымдастырушы)* мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен жарияланған №5721455-1 *«услуги по распространению»* мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 2 бабының 2 тармақшасына сәйкес, **әлеуетті өнім беруші** – мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға осы жеке тұлғаға жекеменшік құқығымен тиесілі тұрғынжайды тапсырыс берушілер сатып алған жағдайда, әлеуетті өнім беруші болуы мүмкін.

Заңның 2 бабының 24 тармақшасына сәйкес, **өнім беруші** – тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жекеменшік құқығымен тиесілі тұрғынжайды тапсырыс берушілер сатып алған жағдайда, мұндай жеке тұлға өнім беруші болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағидалар)* 150 тармағынының 2) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі келесі негіздемелер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса: әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы;

25.05.2021 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Мемлекеттік сатып алу веб-порталын зерделеу барысында, Ұйымдастырушы тарапынан конкурстық құжаттамаға 2-3 қосымшасына сәйкес, «...-***<u>Өнім беруші</u>*** *интернет торында қызмет көрсетуі керек, сайттың сервері Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген болуы тиіс..., ...Түркістан облысының кемінде 80 пайыз аумағын телеэфирмен қамтитын телеарна редакциясымен өзара келісім-шарты бар болуытиіс...*» делінген талаптар қойылғанидығы анықталды.

Яғни, аталған талаптар, **өнім берушіге** қызмет көрсетуге белгіленген және әлеуетті өнім берушілерге қойылатын талаптар болып табылмайды.

Сонымен қатар, Ұйымдастырушы тарапынан *«2021 жылға Казтелерадионың анықтамасы берілуі тиіс*» делінген талап қойылмаған.

Бұдан басқа, мемлекеттік сатып алу веб-порталын зерделеу барысында, Ұйымдастырушы тарапынан 29.04.2021 жылғы қорытындылар хаттамасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші «ЖИЕНАЛИЕВА Н.А.» ЖК-нің конкурста сатып алынатындарға ұқсас орындалған жұмыстар тәжірибесі үшін 0% есептелгені анықталды.

Сәйкесінше, әлеуетті өнім беруші «TURAN Media(Туран Медиа)» ЖШС-нің өтінішінде келтірілген уәждемелер осы бөлігінде өз дәлелін таппағанын мәлімдейміз.

Сонымен қатар, Қағиданың 150 тармағынының 1) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы келесі негіздемелер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса:

конкурстық құжаттаманың 5, 5-1, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы;

конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы;

Мемлекеттік сатып алу веб-порталын зерделеу барысында, Ұйымдастырушы тарапынан конкурстық құжаттамаға 1-4 қосымшасында әлеуетті өнім берушілерге «*Должен быть не менее _ корреспондентов в Туркестанской области. Предоставить удостоверяющие документы (трудовой договор, диплом, удостоверение личности и адрес электронной почты) (1 ед.), Фотокорреспондент. Предоставить удостоверяющие документы (трудовой договор, диплом, удостоверение личности и адрес электронной почты) (1 ед.), В штатном расписании должны быть журналисты. Предоставить удостоверяющие документы (трудовой договор, диплом, удостоверение личности и адрес электронной почты) (2 ед.), Программист. Предоставить удостоверяющие документы (трудовой договор, диплом, удостоверение личности и адрес электронной почты) (1 ед.)*» еңбек ресурстары талап етілгендігі анықталды.

Әлеуетті өнім беруші «TURAN Media(Туран Медиа)» ЖШС-нің конкурстық өтінімін зерделеу барысында, конкурстық құжаттамаға 1-4 қосымшасында сұратылған 5 дана еңбек ресурстары өтінім құрамында толықтай ұсынылмаған

және ұсынылған 2 дана еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасына сай ұсынылмағандығы анықталды.

Сәйкесінше, әлеуетті өнім беруші «TURAN Media(Туран Медиа)» ЖШС-нің өтінішінде келтірілген уәждемелер осы бөлігінде өз дәлелін таппағанын мәлімдейміз.

Камералдық бақылау – ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабының 5-тармағына сәйкес мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралғандығын мәлімдейміз.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Сонымен қатар, ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабының 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысының орынбасары **Т.Тултебаев**

А.Шопчекбаев
☎: 8-7252-35-00-35

О.Ажибеков